

Тілім менің, баға жетпес байлығым

Еліміздің тәуелсіздік алып, тіліміздің мемлекеттік мәртебеге ие болғанына да біраз жылдың жүзі болды. Осы уақыттарда жетістігіміз қайсы, кемшілігіміз неде деп таразылайтын болсақ, жетістігіміз де, кемшілігіміз де баршылық. Ең бастысы қазақ тілін оқып үйренуге деген жаңа көзқарас орнығып, қалыптаса бастады.

Мемлекеттік тілдің өрісін кеңейту мақсатында кітапханада мемлекеттік тілді қолдану мен дамыту жұмыстарын жүзеге асыруда және «Тіл халықтың қазынасы» тақырыбында тұрақты көрме ұйымдастырылған. Қазақстанда тіл саясатының негізгі қағидалары: мемлекеттік тілді қолдану және дамыту үшін басымдылық жағдай жасау, орыс тілінің барлық қоғамдық міндеттерін сақтай отырып, ұлттық тілімізді жаңдандыру және дамыту сондықтан кітапханашының міндеті кітапханаға келген өзге ұлт оқырмандарға қазақ тілін өз деңгейіне көтеру мақсатында, қоғамдағы рөліміз мемлекеттік тілге іс жүзінде айналдыру. Тіл – халықтың тарихы, тіл- ұлттық қазына, тіл- біздің намысымыз, арымыз, байлығымыз барымыз. Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру жолында жетер жетістігіміз көп.

А.Р.Шалғынбаева,

Ақтайлақ ауылдық кітапханасының кітапханашысы